

## Қазығұрт ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы № 11/71-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 ақпандада № 6468-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-9 тармағына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1 бабының 2 тармағынасәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.
3. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 қарашадағы №33/143-VII "Қазығұрт ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30899 номірімен тіркелген).
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасының міндеттін уақытша атқарушы

М. Нұран

Қазығұрт аудандық мәслихатының

2024 жылғы 21 ақпандады

№11/71-VIII шешіміне 1 қосымша

### Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 пайыз, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1000000 (бір миллион) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 пайыз, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1000000 (бір миллион) теңгеден артық емес.

Қазығұрт аудандық мәслихатының

2024 жылғы 21 ақпандады

№11/71-VIII шешіміне 2 қосымша

### Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

1. Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.

2. "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.

3. Толық емес отбасылар.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есебімен, еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарының мамандары және басқада салалардағы мамандар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК